

«БЕКІТЕМІН»

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық университеті» АҚ
Басқарма төрағасы, профессор
А.К. ришбаев
«03» 03 2017 жыл

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің
60 жылдық мерейтойы аясында өтетін факультетаралық
«Үздік студент» байқауының
ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

- Бұл ереже 2017-ші жылы өтетін байқау қатысушыларына қойылатын талаптарды, мазмұнын, өткізу тәртібін, мақсаты мен міндеттерін анықтайды;
- Байқау С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдық мерейтойы аясында өткізіледі;
- Байқаудың ұйымдастырушысы - Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ:

- Студент жастардың университетті дамыту бағытындағы белсенділігін қалыптастыру;
- Жастардың бойында азаматтық ұстанымын, отансүйгіштік сезімін, адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру.

3. САЙЫСТЫҢ ШАРТЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ:

- Сайысқа әрбір факультеттің 1-4 курс аралығында білім алатын студенттері қатыса алады.

4. БАЙҚАУДЫҢ ТӘРТІБІ:

1-кезең: Байқауды жариялау. Байқау талаптары мен өтінімдер беру мерзімдері туралы ақпарат университет сайтына орналастырылады және декан орынбасарлары мен Жастар ісі жөніндегі комитет төрағалары арқылы таратылады.

2-кезең: Комиссияның номинанттарды іріктеу жөніндегі жұмысы. «ҚазАТУ-дың ең үздік студенті» атағын алуға үміткерлер күндізгі оқу нысанында оқитын студенттердің қатарынан факультет басшылығымен және Жастар ісі жөніндегі комитет мүшелерінің колдаухатымен ұсынылады.

3-кезең: Байқау қорытындысын шығару.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ:

- 1-кезең: 2017 жылдың 9-16 наурыз аралығында;
- 2-кезең: 2017 жылдың 17-31 наурыз аралығында;
- 3-кезең: 2017 жылдың 3-14 сәуірі аралығында.

5. ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

Үміткерлердің жетістіктері университеттік, қалалық, республикалық деңгейдегі әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға қатысуы мен қоғамдық шығармашылық белсенділігі бойынша бағаланады. Олар:

- 1) *Оқу үлгерімі бойынша;*
- 2) *Ғылыми-зерттеу бағытындағы жетістіктері;*
- 3) *Мәдениет пен өнер саласындағы, спорттағы жетістіктері.*

Оқу үлгерімі бойынша:

-Соңғы сессия қорытындысы бойынша **GPA 3,35** - тен төмен болмауы тиіс.

Ғылыми-зерттеу бағытындағы жетістіктері:

- жарияланған ғылыми мақалалары, халықаралық, республикалық олимпиадалардың жеңімпазы және ғылыми-практикалық конференциялардағы жетістіктері (диплом, грамоталар, сертификаттар).

Мәдениет пен өнер саласындағы, спорттағы жетістіктері:

-университеттің, қаланың және республиканың мәдени әлеуетіне қосқан жеке үлесі;

- байқау қатысушысының оқу орнымыздың 60 жылдығына орай жеке әдеби шығармасының (поэзия, проза) болуы және оның университеттің газетінде жариялануы;

-мәдени-шығармашылық байқаулар мен сайыстардағы жетістіктері (дипломдар, грамоталар, сертификаттар);

- үміткердің әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыруы мен өткізуі (ЖіЖК-нен анықтама, университет сайтына жарияланған ақпараттары т.б.);

- спорттағы жетістіктерінің, марапаттарының және атақтарының болуы;

- университет, қала жастары арасында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша өткізілген іс-шараларға қатысуы (ЖіЖК-нен анықтама).

6. ҚАТЫСУШЫ МІНДЕТТІ:

«ҚазАТУ-дың ең үздік студенті» байқауына қатысуға арналған конкурстық құжаттар жиынтығы әрбір үміткер үшін мынаны қамтуы тиіс:

- үміткер жайлы мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты; туған күні, айы және жылы; тіркелген орны мен нақты тұратын мекенжайы, байланыс телефондары; e-mail, жеке бас куәлігінің көшірмелері);

- ұсынылған үміткерге «ҚазАТУ-дың ең үздік студенті» байқауына қатысу туралы қолдау хат, ережеге сәйкес ұсыну негіздемелері көрсетіледі де факультет деканының қолы қойылады;

- ғылыми және шығармашылық жетістіктердің тізімдемесі мұнда олардың жариялану көздері, фотосуреттері, бейнематериалдары, баспа өнімі, дипломдары мен ғылыми шығармашылық және спорттық байқауларда,

ғылыми конференциялар мен олимпиадаларда жеңісін растайтын құжаттардың көшірмелері көрсетіледі.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ:

Байқау қорытындыларын шығару үшін ректордың бұйрығымен конкурстық комиссия құрылады. Комиссия құрамы байқау басталғанға дейін 18 қыркүйекке дейінгі мерзімде бекітіледі. Конкурстық комиссия құрамына Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті қызметкерлері, ЖІЖК төрағалары, студенттік жастар ұйымдарының жетекшілері кіреді. Өз қызметінде комиссия осы ережені басшылыққа алады.

Комиссия жұмысының регламенті:

- комиссия конкурстық құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейінгі 10 күн ішінде қарастырады;
- ұсынылған кандидаттарды бекіту комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады;
- егер үміткерлерге отырыстағы комиссия мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең келген жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады;
- комиссия шешімін ректор бекітеді және осы шешім негізінде бұйрық шығарылады.

8. БАЙҚАУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН МАРАПАТТАУ:

«ҚазАТУ-дың ең үздік студенті» байқауының нәтижесі университет сайтында, баспасөзде жарияланады. Байқаудың жеңімпазы «ҚазАТУ-дың ең үздік студенті» сертификатымен және Студенттік кәсіподақ комитетінен бағалы сыйлықпен марапатталады.

9. БАЙҚАУҒА БАСШЫЛЫҚ ЕТУШІЛЕР:

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті мен Жастар ісі жөніндегі комитет.

Тәрбие жұмысы жөніндегі
проректор

 Ж.А. Құсайынова

Жастар ісі жөніндегі комитет
төрайымы

 А.А. Кукеева